**Автор**: Жанат alga1.30 Кобейсиновна
**Пән**: Биология
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Қоректену
**Тақырып**: Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы.Тіс гигиенасы.

---

| | |
|---|---|
| Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы.Тіс гигиенасы. | 8.1.2.2 - тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттау |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 мин) | Психологиялық ахуал қалыптастыру «Аялы алақан» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Нұсқаулық: Қатысушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?»-сұрағын оқушыларға қою арқылы, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады Қызығушылықты ояту. Тақырыпты болжау. «Күрек тістер» «Азу тістер» бар парақшалар жерге қойылады. Оқушылар музыка әуенімен қимылдап, сағат тілінің бағдарымен парақшаларды айналып жүреді. Әуен тоқтаған кезде қай сөздің қасына тоқтаса, сол сөздермен екі топқа бөлінеді. Топ ережесі: Бірлік. Достық. 1-топ- «Күрек тістер» тобы 2-топ- «Азу тістер» тобы Алдыңғы білімді еске түсіру үшін «Миға шабуыл» әдісі арқылы Омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. 1.Омыртқасыз жануарлар кандай жануарлар 2.Күйіс қайыратын жануарлар 3.Ас қорыту мүшелері неден тұрады Қ/Б: «Үш шапалақ! әдісі» | |